

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторинг ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулық



Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулық ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 55 бабының 4-тармағына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес әзірленді.



Жыл сайын
өткізіледі:

мектептерде–
көктемде
(сәуір),

колледждерде
–
күзде
(қараша)

Білім беру
ұйымдарын
қамту 25%
дейін

✓ **ББЖМ** Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес бастауыш және негізгі орта білім алушылардың білім сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі.



Бастауыш, негізгі және орта білім беру ұйымдарында (4, 9 сыныптар)

ББЖМ өткізу:

- мектептерде **4 және 9-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға**, яғни білім мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға, сонымен қатар аналитикалық, логикалық ойлауды дамытуға бағытталатын болады;

ББЖМ мемлекеттік бақылау түрі болып саналмайды, білім алушы үшін де, білім беру ұйымы үшін де ешқандай құқықтық салдары болмайды. ББЖМ кезінде білім сапасын қамтамасыз ету бойынша **ұсыныстар әзірленеді және әдістемелік көмек** көрсетіледі.

4 және 9 сыныптарға арналған ББЖМ форматы

4 және 9 сыныпта білім беру ұйымдарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдана отырып, кешенді тестілеу нысанында оқыту тілінде үш бағыт бойынша жүргізіледі.

4 сынып

Оқу сауаттылығы:

Бір дұрыс жауабы бар 10 тест тапсырмасы
(бірінші мәтінге – 4 тапсырма, екінші мәтінге – 6 тапсырма)

Математикалық сауаттылық:

Бір дұрыс жауабы бар 12 тест тапсырмасы

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы:

Бір дұрыс жауабы бар 5 тест тапсырмасы және мәнмәтінге негізделген 3 тапсырма, барлығы 8 тест тапсырмасы

9 сынып

Оқу сауаттылығы (қазақ, орыс, ағылшын):

Тест тапсырмаларының саны – 30, оның ішінде әрбір пән бойынша – бір дұрыс жауабы бар 10 тест тапсырмасы;
Максималды ұпай – 30

Математикалық сауаттылық:

Тест тапсырмаларының саны – 13;
Максималды ұпай – 13

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы (физика, химия, биология, география):

Тест тапсырмаларының жалпы саны – 32.
Максималды ұпай – 32.

Компьютерлік тестілеу:

105 минут (35 мин. тестілеу + 15 мин. үзіліс + 24 мин. тестілеу + 15 мин. үзіліс + 16 мин. тестілеу)

Тест тапсырмаларының саны – 30
Максималды ұпай саны – 30

Компьютерлік тестілеу:

170 минут (60 мин. тестілеу + 10 мин. үзіліс + 25 мин. тестілеу + 10 мин. үзіліс + 65 мин. тестілеу)

Тест тапсырмаларының саны – 75
Максималды ұпай саны – 75

Білім беру ұйымдарында ББЖМ өткізу үшін ұйымдарды таңдау алгоритмі

1.	Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасына мониторинг жүргізу
2.	ББЖМ қатысу үшін білім беру ұйымдарының тізімі айқындалады 2.1. ББЖМ қатыспайтын білім беру ұйымдары: - 1) ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты мектептер; - 2) ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің санаториялық-курорттық мектептері; - 3) Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігіне қарасты мектептер; - 4) «Халықаралық мектептер» мәртебесі бар мектептер; - 5) дербес білім беру ұйымдары; - 6) түзеу мекемелері жанындағы мектептер; - 9) кешкі мектептер (сыныптар); - 10) 80-ден аз оқушысы бар мектептер (барлық 4 және 9 сынып оқушыларын қоса алғанда) 2.2. Есепке алынбайтын мектептер: - төмен интернет жылдамдығы бар мектептер (4 Мбит/с төмен) - компьютерлік сыныптардың сыйымдылығы ең аз мектептер.
3.	Білім беру ұйымын кластерлеу көрсеткіштері анықталады: - аумақтық тиімділігі (қала, ауыл); - білім беру ұйымының түрі (жалпы білім беретін мектеп, лицей, гимназия, мектеп-гимназия, мектеп-лицей); - білім алушылар контингенті; - оқыту тілі (қазақ, орыс) - білім беру ұйымының қатысу пайызы (25%).
4.	Білім беру ұйымдарының тізімі қалыптастырылады және ББЖМ қатысу үшін білім беру ұйымын кездейсоқ таңдау үшін бағдарламаға жүктеледі.
5.	ББЖМ қатысу үшін ұйымдардың қалыптастырылған тізімін өкілетті орган бекітеді.

9 сыныптар бойынша қыркүйек – қазан айларында өткен ББЖМ қорытындысы

